

# **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ  
2023 ЖЫЛ**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
  - 1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің дұрыстығына және жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтаруда Қазақстан Республикасы заңнамалары нормаларының сақталуы.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.10.2021 – 30.09.2023 жылдар аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 2023 жылғы 27 қарашасынан 15 желтоқсан аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі қамтылды.

Басқарма, Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын:

- салықтық әкімшілендіру;
- этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу;
- мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымы;
- оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеу (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы жөніндегі мемлекеттік басқару;

- қолданыстағы заңнамамен Басқарма құзыретіне жатқызылған басқа да салаларда жүзеге асыруға уәкілетті аумақты органы болып табылады.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының салық және мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген өзге де заңнамалардың сақталуын бақылау, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету;

- салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақытылылығын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының салық саясатын іске асыруға қатысу;

- өз шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- этил спирті мен алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ, мұнай өнімдері мен биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

«Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі аудитпен қамтылған кезеңде бюджетке түсетін кіріс көздері бойынша бюджеттің орындалуын қамтамасыз еткен.

### **2021 жылғы бюджеттің орындалуы, кіріс көздері бойынша**

101201 – *«Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы»* бойынша 1459821,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1956590,0 мың теңгеге орындалған немесе 134,0 % құраған. Жоспардың артық орындалуының себебі, кейбір мекемелер ірі көлемде төлем жүргізген "КТЗ" АҚ - 117 262,0 м.т., "Оңтүстік шахты құрылыс" ЖШС - 23 790,0 м.т., "Кентау Сервис" МКК - 9 372,0 м.т.,

101202 – *«Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы»* бойынша 30000,0 мың теңге жоспарланып, нақты 33227,4 мың теңгеге орындалған немесе 110,8% құраған. 2021 жылдың 12 айына Адвокат және нотариустар төлем жүргізді: Туракулова И-5957,0 м.т., Орынбасарова Д-1020,7 м.т., Ахмедова Г-1066,0 м.т., Әбдуәлі Е-618,9 м.т., А.Айменова-878,6 м.т., Бірқатар оңайлатылған декларация негізінде жұмыс атқаратын салық төлеушілер төлем жүргізді: Б.Р.Маткаримов- 1750,0 м.т., К.Суримбаева-1000,0 м.т., К.Балтабаев-950,0 м.т., Н.Б.Аширханов-851,4 м.т., Ш.Абдраимова - 953,1 м.т., З.Бекмурзаева-850,0 м.т., С.Сайдакберов -771,2 м.т., Д.А.Ахметов -583,0 м.т., М.М.Бабаханов-411,4 м.т., Д.П.Полатов-649,9 м.т., А.Мирзараимова-400,0 м.т., Ш.М.Матенов- 335,3 м.т., К.Алдабергенов-323,1 м.т., А.Тукибаева-194,8 м.т..

101205 – *«Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы»* бойынша 9375,0 мың теңге

жоспарланып, нақты 55208,6 мың теңгеге орындалған немесе 588,9% құраған. 2021 жылдың 12 айына бекітілген жоспардың артық орындалуының себебі, резидент емес 9463 жеке тұлғалардан түсім болған.

103101 – «Әлеуметтік салық» контингент бойынша 1555764,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалуы 1677166,1 мың теңгені немесе 107,8% құраған.

104101- «Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» бойынша 311446,0 мың теңге жоспарланып, нақты 88413,5 мың теңгеге орындалған немесе 28,4 % құраған. 2021 жылдың 12 айына түсімнің теріс сомаға кему себебі, "Социально-предпринимательская корпорация "Туркестан" АҚ- 68500,0 м.т., "Merchant House Magistral" ЖШС-20000,0 м.т., "Оңтүстік шахта құрылыс" ЖШС-5000,0 м.т., "СтройИнвестГрупп-2019"-5000,0 м.т., "Жасыл Кентау" ЖШС-1631,5 м.т. қате төленген төлемдер салық төлеушілердің шотына қайтарылған. 2020 жылы "Интергаз Орталық Азия" АҚ "Шымкент" магистральдық газ құбырлары басқармасы" филиалынан 112725,0 м.т. түскен. 2021 жылы Қазақстан үкіметі мен Қытай Халықтық Республикасы үкіметінің арасындаға келісім бойынша мүлік салығынан босатылған. Яғни, осының әсерінен түсім 112725,0 м.т. кеміп, 1655,9 м.т., қайтарылған.

104102- «Жеке тұлғалардың мүлік салығы» бойынша 9500,0 мың теңге жоспарланып, нақты 10924,4 мың теңгеге орындалған немесе 115,0% құраған.

104302- «Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы» бойынша 22450,0 мың теңге жоспарланып, нақты 25 917,8 мың теңгеге орындалған немесе 115,4% құраған. 2021 жылдың 12 айына бекітілген жоспардың артық орындалу себебі, "SOLAR KZ" ЖШС-5531,8 м.т., "КТЗ" АҚ-2273,9 м.т., "Vostok Minerals" ЖШС-14,5 м.т., "Қазақстан халық жинақ Банкі" АҚ-365,2 м.т., "КазОйлЭнерджи" ЖШС-830,7 м.т., "Ныш-Ер" ЖШС-204,0 м.т., "Sinooil" ЖШС-311,6 м.т. төлем жүргізген.

104401 - «Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық» бойынша 7324,0 мың теңге жоспарланып, нақты 7460,3 мың теңгеге орындалған немесе 101,9 % құраған. 2021ж. 12 айына жеткізілген жоспардың артық орындалу себебі, Салық Кодексінің 369 бабы бойынша заңды тұлғалар ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей жүргізген.

104402 - «Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық» бойынша 121013,0 мың теңге жоспарланып, нақты 115942,7 мың теңгеге орындалған немесе 95,8 % құраған.

104501 – «Бірыңғай жер салығы» бойынша 5270,0 мың теңге жоспарланып, нақты 5316,0 мың теңгеге орындалған немесе 100,9 % құраған.

105284 «ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны» салығы бойынша 10200,0 мың теңге жоспарланып, нақты 10296,2 мың теңгеге орындалған немесе 100,9% құраған.

105315 «Жер бөлімін жалға беруден түсетін түсім» салығы бойынша жоспар жоқ, нақты -1150,8 мың теңгеге орындалған.

105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша 49917,0 мың теңге жоспарланып, нақты 51608,1 мың теңгеге орындалған

немесе 103,4% құраған. 2021 жылдың 12 айына жеткізілген жоспардың артық орындалу себебі, Ірі көлемде төлем жүргізген мекемелер: Ауыл мектептерінен 11000,0 м.т. төлем жүргізілген. «Кентау Сервис» МКК-10019,9 м.т., "Интергаз Орталық Азия" АҚ "Шымкент" магистральдық газ құбырлары басқармасы" филиалы-10949,9 м.т., "Кентау қалалық емханасы" МКК-2054,3 м.т., "Стройсервис" ЖШС-539,4 м.т., "ЯССЫ-КУРЫЛЫС" ЖШС -732,8 м.т., "Ащысай Су" МКК-298,8 м.т., "Каратас Майнинг" ЖШС -1150,6 м.т., "Тас Жол" ЖШС-274,0 м.т., және т.б..

105402 «Жеке қызмет түрімен айналысуға құқығы үшін лицензия алымы» салығы бойынша 4600,0 мың теңге жоспарланып, нақты 4724,0 мың теңгеге орындалған немесе 102,7 % құраған. Төлемақы мөлшерлемелері, жылына -60 АЕК негізінде, ауылдық елді мекендерде-20 АЕК мөлшерінде төленетін болды Кентау қаласында қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін тіркелген салық төлеушілердің саны-102, оның ішінде, қала бойынша 70, ауыл бойынша 32 салық төлеуші тіркелген.

105425 «Сыртқы (көрнекі) жарн. ауд.маң.бар жалп. ортақ пайд. автом. жолд. бөл. белдеуіндегі, ауд. маң. бар қал., ауылдағы, кенттегі үй-жайл. тыс ашық кеңістіктегі жарн. тұрақты орналастыру объект. ж-е ауд. тірк. көлік құр. орнал. үш. төлемақ. қосп., сырт.(көрн.) жар. обл.маң. бар қал. үй-жай., бойынша 1837,0 мың теңге жоспарланып, нақты 2131,6 мың теңгеге орындалған немесе 116,0% құраған.

105429 «Жергілікті бюджетке енгізілетін тіркеу алымы» бойынша 1800,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1849,5 мың теңгеге орындалған немесе 102,8% құраған. Жоспардың артық орындалу себебі, 2021 жылдың 12 айына Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін 347 салық төлеушілерден түсім болған.

105434 «Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы» бойынша 13800,0 мың теңге жоспарланып, нақты 13928,0 мың теңгеге орындалған немесе 100,9 % құраған.

108126 «Жергілікті бюджетке енгізілетін мемлекеттік бажы» бойынша 16500,0 мың теңге жоспарланып, нақты 17509,3 мың теңгеге орындалған немесе 106,1% құраған.

## **2022 жылғы бюджеттің орындалуы, кіріс көздері бойынша**

101201 – «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 1560772,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1662908,5 мың теңгеге орындалған немесе 106,5 % құраған. 2022 жылдың 12 айына жеткізілген жоспардың артығымен орындалу себебі, ірі көлемде төлем жүргізген мекемелер "КТЗ" АҚ-нан 208360,0 м.т., басқа да, бюджеттік мекемелерден түсім есебінен болған. Мысалы, "Кентау орталық қалалық ауруханасы" МКК-сы-78623,4 м.т., "Кентау қалалық емханасы" МКК-146438,0 м.т., "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" МКК-152969,0 м.т. және тағы басқа мемлекеттік мекемелерден түсім болған.

101202 – «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 34000,0 мың теңге жоспарланып, нақты 37822,3 мың теңгеге орындалған немесе 111,2% құраған. 2022 жылдың 12 айына

жоспардың артығымен орындалу себебі мүлiктiк табыс бойынша 58 салық төлеушiден 7050,0 м.т. қосымша өндiрiлген.

101205 – «Төлем көзiнен салық салынбайтын шетелдiк азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 36484,0 мың теңге жоспарланып, нақты 41148,4 мың теңгеге орындалған немесе 112,8% құраған. 2022 жылдың 12 айына бекiтiлген жоспардың артық орындалуының себебi , 2803 шет ел азаматтарынан түсiм болған.

103101 – «Әлеуметтiк салық» контингент бойынша 1387394,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалуы 1379566,0 мың теңгенi немесе 99,4% құраған. 2022 жылдың 12 айына жоспардың орындалмау себебi жоспар iрi көлемде бекiтiлген. Iрi көлемде төлем жүргiзген мекемелер, «КТЗ» АҚ-148332,0 м.т.. Сонымен қатар, басқа да бюджеттiк мекемелерден түсiм болған, "Кентау қалалық емханасы" МКК-129477,1 м.т., "Кентау орталық қалалық ауруханасы" МКК-сы-75857,4 м.т., "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" МКК-130998,3 м.т. және тағы басқа мемлекеттiк мекемелерден түсiм болған.

104101- «Заңды тұлғалардың және жеке кәсiпкерлердiң мүлкiне салынатын салық» бойынша 164557,0 мың теңге жоспарланып, нақты 180945,2 мың теңгеге орындалған немесе 110,0% құраған. 2022 жылдың 12 айына жоспардың артық орындалу себебi, мүлiк құнын қайта есептеу нәтижесiнде бюджетке 18128,9 м.т. қосымша түсiм болған. Жаңа кәсiпорын "Қазәронавигация" РМК-51251,3 м.т. түсiм болған. Сонымен қатар, iрi көлемде төлем жүргiзген мекемелер: "Оңтүстiк жүйеаралық электр тораптары" филиалы -19541,5 м.т., "КТЗ" АҚ-18344,2 м.т., "Оңтүстiк Жарық Транзит" ЖШС-15410,7 м.т., "ЮгЭлектроПривод" ЖШС-5327,0 м.т., "Казахтелеком" - 5685,1 м.т., "Кредитное товарищество "Яссы-несие" ЖШС-4128,0 м.т., iрi көлемде төлем жүргiзген. Жеке кәсiпкерлер жылдық төлемдерiн жүргiзген т.б.

104102- «Жеке тұлғалардың мүлiк салығы» бойынша 14500,0 мың теңге жоспарланып, нақты 15568,8 мың теңгеге орындалған немесе 107,4% құраған. 2022 жылдың 12 айына бекiтiлген жоспардың артық орындалуының себебi, Әрдайым, ақпарат құралдарына және теледидарда, газеттерде түсiндiру жұмыстары жүргiзiлгендiктен.

104302- «Елдi мекендер жерлерiне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы» бойынша 21300,0 мың теңге жоспарланып, нақты 24809,8 мың теңгеге орындалған немесе 116,5 % құраған. 2022 жылдың 12 айына бекiтiлген жоспардың артық орындалу себебi, әкiмшiлендiру жұмыстарының нәтижесiнде бюджетке 3086,2 мың теңге қосымша түсiм болған.

104401 - «Заңды тұлғалардан көлiк құралдарына салынатын салық» бойынша 8368,0 мың теңге жоспарланып, нақты 8614,1 мың теңгеге орындалған немесе 102,9% құраған. 2022 ж. 12 айына жеткiзiлген жоспардың артық орындалу себебi Салық Кодексiнiң 369 бабы бойынша заңды тұлғалар ағымдағы төлемдердi енгiзу арқылы салық салу объектiлерiнiң тiркелген жерi бойынша салық кезеңiнiң 5 шiлдесiнен кешiктiрмей жүргiзген.

104402 - «Жеке тұлғалардың көлiк құралдарына салынатын салық» бойынша 108690,0 мың теңге жоспарланып, нақты 121599,8 мың теңгеге орындалған немесе 111,9% құраған. 2022 жылдың 12 айына бекiтiлген

жоспардың артық орындалуының себебі, әкімшілендіру жұмыстарының нәтижесінде 31464,0 м.т. өткен жылдар берешегі өндірілген. Сондай-ақ әрдайым, ақпарат құралдарына және теледидарда, газеттерде түсіндіру жұмыстары жүргізілу әсерінен болған.

104501 – «Бірыңғай жер салығы» бойынша 219,0 мың теңге жоспарланып, нақты 221,8 мың теңгеге орындалған немесе 101,3% құраған.

105284 - «ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны» салығы бойынша 6750,0 мың теңге жоспарланып, нақты 6818,8 мың теңгеге орындалған немесе 101, % құраған.

105315 - «Жер бөлімін жалға беруден түсетін түсім» салығы бойынша 16500,0 мың теңге жоспарланып, нақты 17761,9 мың теңгеге орындалған немесе 107,6% құраған. 2022 жылдың 12 айына жоспардың артық орындалу себебі, әкімшілендіру жұмыстарының нәтижесінде бюджетке 10471,0 м.т. түсім болған т.б.

105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша 46139,0 мың теңге жоспарланып, нақты 37711,2 мың теңгеге орындалған немесе 81,7% құраған. 2022 жылдың 12 айына жоспардың орындалмау себебі, "Кентау сервис" МКК-нан қате түсім 20188,6м.т., мекеменің шотына қайтарылған, т.б.

105402 «Жеке қызмет түрімен айналысуға құқығы үшін лицензия алымы» салығы бойынша 2834,0 мың теңге жоспарланып, нақты 3098,2 мың теңгеге орындалған немесе 109,3% құраған. 2022 жылдың 12 айына жеткізілген жоспардың артық орындалу себебі, төлемақы мөлшерлемелері, жылына -60 АЕК негізінде, ауылдық елді мекендерде-20 АЕК мөлшерінде төленген. Кентау қаласында қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін тіркелген салық төлеушілердің саны-81, оның ішінде, қала бойынша 67, ауыл бойынша 14 салық төлеуші тіркелген. Сондай-ақ Несие беруші ұйымдардан және ломбардтардан түсім болған.

105425 «Сыртқы (көрнекі) жарн. ауд.маң.бар жалп. ортақ пайд. автом. жолд. бөл. белдеуіндегі, ауд. маң. бар қал., ауылдағы, кенттегі үй-жайл. тыс ашық кеңістіктегі жарн. тұрақты орналастыру объект. ж-е ауд. тірк. көлік құр. орнал. үш. төлемақ. қосп., сырт.(көрн.) жар. обл.маң. бар қал. үй-жай. тыс ашық кең. ж-е обл.маң. бар қал. тірк. көлік құр. орн. үш. төлемақы» бойынша 1768,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1877,6 мың теңгеге орындалған немесе 106,2% құраған. 2022 жылдың 12 айына жеткізілген жоспардың артық орындалу себебі бірқатар салық төлеушілердің берешегі бар салық төлеушілермен өндіру шаралары бойынша жұмыс жасалған.

105429 «Жергілікті бюджетке енгізілетін тіркеу алымы» бойынша 8326,0 мың теңге жоспарланып, нақты 8329,4 мың теңгеге орындалған немесе 100,0% құраған. 2022 жылдың 12 айына Заңды тұлғал.мемлек.тіркегені үшін 73 салық төлеушілерден түсім болған.

105434 «Қызметтің жекеленген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы» бойынша 11350,0 мың теңге жоспарланып, нақты 13012,4 мың теңгеге орындалған немесе 114,6% құраған. Кентау қаласында қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды



пайдаланғаны үшін тіркелген салық төлеушілердің саны-81, оның ішінде, қала бойынша 67, ауыл бойынша 14 салық төлеуші тіркелген.

108126 «Жергілікті бюджетке енгізілетін мемлекеттік бажы» бойынша 14900,0 мың теңге жоспарланып, нақты 15671,5 мың теңгеге орындалған немесе 105,2% құраған. (2022жылдың 12 айына 4010 салық төлеушінің арызына сәйкес түсім болды. 2022 жылы айлық көрсеткіш өсті ).

### **2023 жылдың 9 айындағы бюджеттің орындалуы кіріс көздері бойынша**

101201 – «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 1445178,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1450543,6 мың теңгеге орындалған немесе 100,4 % құраған. 2023 жылдың 9 айына жеткізілген жоспардың артық орындалу себебі, Ірі көлемде төлем жүргізген мекемелер "КТЗ" АҚ-нан 160177,0м.т., Басқа да, бюджеттік мекемелерден түсім болды. Мысалы, "Кентау орталық қалалық ауруханасы" МКК-сы-52306,2 м.т., "Кентау қалалық емханасы" МКК-97608,4 м.т., "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" МКК-142952,9 м.т. т.б..

101202 – «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 139300,0 мың теңге жоспарланып, нақты 168762,2 мың теңгеге орындалған немесе 121,2% құраған. Мүліктік табыс салығын өндіру жұмыстарының нәтижесінде бюджетке 378 тұлғадан 19713,0 м.т., түсім болған.

101205 – «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 48146,0 мың теңге жоспарланып, нақты 31362,6 мың теңгеге орындалған немесе 65,1% құраған. 2023 жылдың 9 айына бекітілген жоспардың кем орындалуының себебі, жоспар ірі көлемде бекітілген 1770 шет ел азаматтарынан түсім болған.

103101 – «Әлеуметтік салық» контингент бойынша 1218676,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалуы 1233167,1 мың теңгені немесе 101,2% құраған.

104101- «Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» бойынша 90922,0 мың теңге жоспарланып, нақты 123593,0 мың теңгеге орындалған немесе 135,9 % құраған. 2023 жылдың 9 айына жоспардың артық орындалу себебі, Жеке кәсіпкерлердің мүлігін қайта бағалау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 193 салық төлеушіден 24336,0 м.т., қосымша түсім болған.

104102- «Жеке тұлғалардың мүлік салығы» бойынша 4345,0 мың теңге жоспарланып, нақты 8585,5 мың теңгеге орындалған немесе 197,6% құраған. 2023 жылдың 9 айына бекітілген жоспардың артық орындалуының себебі, әрдайым, ақпарат құралдарына және теледидарда, газеттерде түсіндіру жұмыстары жүргізілу әсерінен болған. Өткен жылғы төленбеген жеке тұлғалардың мүлік салығы берешектерін өндірілуіне байланысты.

104302- «Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы» бойынша 7110,0 мың теңге жоспарланып, нақты 15542,3 мың теңгеге орындалған немесе 218,6% құраған. 2023 жылдың 9 айына бекітілген жоспардың артық орындалу себебі, "SOLAR KZ" ЖШС-2707,2 м.т., "КТЗ" АҚ-

1743,5 м.т., "КазОйлЭнерджи" ЖШС - 623,0 м.т., Фл южные МЭС АО "KEGOC" ЖШС-264,7 м.т., С.Абдикулов- 404,5 м.т., И.Жумабаев-234,6 м.т., Р.Балабиев-183,9 м.т., "Veibars OIL" ЖШС-264,9 м.т., "Айдар Строй Групп" ЖШС-244,6 м.т., Абисов Б-377,0 м.т., Р.Юсупова -187,2 м.т., "Береке" ЖШС-266,0 м.т., "Әлі бекен" ЖШС-331,7 м.т., "Газпром нефть-Казахстан" ЖШС-372,4 м.т., Р.Сырлыбаева- 102,0 м.т., төлем жүргізді. әкімшілендіру жұмыстарының нәтижесінде 7 салық төлеушіден 993,0 мың теңге түсім болған.

104401 - «Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық» бойынша 5280,0 мың теңге жоспарланып, нақты 6027,4 мың теңгеге орындалған немесе 114,2% құраған. 2023 ж.9 айына жеткізілген жоспардың артық орындалу себебі, Салық Кодексінің 369 бабы бойынша заңды тұлғалар ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей жүргізген. Ағымдағы жылдың 9 айына 13 заңды тұлғалардан түсім болды "КТЗ" АҚ-1700,0 м.т., "Яссы -құрылыс" ЖШС-793,2 м.т., "Ша-ди Транс Сервис" ЖШС-737,2 м.т., "Хан -тасы" ЖШС-143,0 м.т., "Ащысай Су" МКК -257,0 м.т., "Кентау қалалық емханасы" МКК-170,9 м.т. "БВР-УНИВЕРСАЛ" ЖШС -48,7 м.т., "TransLogistics-K" ЖШС-234,5 м.т., "Колледж №7" МКҚК-76,6 м.т., "Алекс Минерал Компани" ЖШС-64,0 м.т., "Эластополимет" ЖШС -27,6 м.т., "Оңтүстік шахта құрылыс" ЖШС -9,6 м.т., "Ботагөз 2021" ЖШС -54,0 м.т., төлем жүргізген.

104402 - «Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық» бойынша 109589,0 мың теңге жоспарланып, нақты 116543,5 мың теңгеге орындалған немесе 106,3% құраған. 2023 ж.9 айына жеткізілген жоспардың артығымен орындалу себебі Сондай-ақ әрдайым, ақпарат құралдарына және теледидарда, газеттерде түсіндіру жұмыстары жүргізілу әсерінен болған. Өткен жылдары 1233 салық төлеушіден 21395,0 мың теңге берешек сомасын өндіруден қосымша түсім болған.

104501 – «Бірыңғай жер салығы» бойынша 280,0 мың теңге жоспарланып, нақты 247,2 мың теңгеге орындалған немесе 88,3% құраған. Өткен жылмен салыстырғанда түсімнің кему себебі, ҚР салық кодексіне 2020 жыдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген өзгерістерге байланысты түсім азайды.

105284 «ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны» салығы бойынша 4082,0 мың теңге жоспарланып, нақты 4467,1 мың теңгеге орындалған немесе 109,4% құраған. Бензин және дизель отынын сатушы заңды және жеке тұлғалар төлем жүргізген: оның ішінде ірі көлемде төлем жүргізгендер, "PetroRetail" ЖШС - 119,1 м.т., "Газпромнефть-Казахстан Операционная компания" ЖШС-1452,3 м.т., "Sinooil" ЖШС-1897,5 м.т. "Газпром нефть-Казахстан" ЖШС-511,2 м.т., "Turkistan janarmai" ЖШС- 732,0 м.т., С. Бектасов- 206,0 м.т., Шағатаев - 172,7 м.т., "Универсал РК"-ЖШС-59,7 м.т., түсім болған.

105315 «Жер бөлімін жалға беруден түсетін түсім» салығы бойынша 8710,0 мың теңге жоспарланып, нақты 18408,8 мың теңгеге орындалған немесе 211,4% құраған. 2023 жылдың 9 айына жоспардың артық орындалу себебі, ірі көлемде түсім болған мекемелер, "Aurum Mining" ЖШС- 2758,4

м.т., "Экскаватор" ЖШС- 2563,8 м.т., "Яссы Құрылыс" ЖШС-1722,0 м.т., "КазКенГео" ЖШС-825,3м.т., "Мирас Байкен" ЖШС-317,4 м.т., "НЕVEL KAZAKHSTAN (Хевел Казахстан)" ЖШС-677,1 м.т., "СТРОЙСЕРВИС" ЖШС-649,8 м.т. "Оңтүстік Жарық Транзит" -510,6 м.т., "КТЗ" АҚ- 455,8 м.т., "ВЕКАНТО" ЖШС 663,2 м.т., жеке кәсіпкерлер жылдық төледі жүргізген. Жеке тұлғалардан жыл басынан -4594,7 м.т. түсім болды. Әкімшілендіру жұмыстарының нәтижесінде бюджетке 3476,3 м.т., түсім түскен.

105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша 31120,0 мың теңге жоспарланып, нақты 8030,0 мың теңгеге орындалған немесе 25,8% құраған. 2023 жылдың 9 айына жеткізілген жоспардың кем орындалу себебі, түсім көзі бойынша ірі салық төлеуші "Кентау сервис" МКК түсім болмаған. 01.01.2024 жылға дейін мекеме оңалту шаралары қолданылуда.

105402 «Жеке қызмет түрімен айналысуға құқығы үшін лицензия алымы» салығы бойынша 1983,0 мың теңге жоспарланып, нақты 2580,5 мың теңгеге орындалған немесе 130,1% құраған. Төлемақы мөлшерлемелері, жылына -60 АЕК негізінде, ауылдық елді мекендерде-20 АЕК мөлшерінде төленетін болды Кентау қаласында қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін тіркелген салық төлеушілердің саны-81, оның ішінде, қала бойынша 67, ауыл бойынша 14 салық төлеуші тіркелген. Несие беруші ұйымдардан және ломбардтардан түсім болған.

105425 «Сыртқы (көрнекі) жарн. ауд.маң.бар жалп. ортақ пайд. автом. жолд. бөл. белдеуіндегі, ауд. маң. бар қал., ауылдағы, кенттегі үй-жайл. тыс ашық кеңістіктегі жарн. тұрақты орналастыру объект. ж-е ауд. тірк. көлік құр. орнал. үш. төлемақ. қосп., сырт.(көрн.) жар. обл.маң. бар қал. үй-жай. тыс ашық кең. ж-е обл.маң. бар қал. тірк. көлік құр. орн. үш. төлемақы» бойынша 1358,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1473,5 мың теңгеге орындалған немесе 115,5% құраған.

105429 «Жергілікті бюджетке енгізілетін тіркеу алымы» бойынша 182,0 мың теңге жоспарланып, нақты 247,8 мың теңгеге орындалған немесе 136,2% құраған. 2023 жылдың 9 айына Заңды тұлғал.мемлек.тіркегені үшін 105 салық төлеушілерден түсім болған.

105434 «Қызметтің жекеленген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы» бойынша 7764,0 мың теңге жоспарланып, нақты 11146,1 мың теңгеге орындалған немесе 143,6% құраған. Кентау қаласында қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін тіркелген салық төлеушілердің саны-81, оның ішінде, қала бойынша 67, ауыл бойынша 14 салық төлеуші тіркелген.

108126 «Жергілікті бюджетке енгізілетін мемлекеттік бажы» бойынша 60354,0 мың теңге жоспарланып, нақты 109892,4 мың теңгеге орындалған немесе 182,1% құраған. 2023 жылдың 9 айына 10266 салық төлеушінің арызына сәйкес түсім болған.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Мемлекеттік аудитпен 1 объект қамтылды.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған «Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінде бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 3 869,2 мың теңгені құрады. Оның ішінде жеке табыс салығына 1 685,8 мың теңге және әлеуметтік салыққа 2 183,4 мың теңге есептелді.

### **2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау.**

Кентау қаласының әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жалпы өңірлік өнім көлемі 2022 жылы 70257,3 млн. теңгені құраған. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 16,3%-ға артқан. Адам басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім көлемі 2022 жылы 707,5 мың теңгені құраған.

Кентау қаласының халық саны 94,4 мың адамды құрап, 2021 жылмен (103,3) салыстырғанда 3,8%-ға кеміген. 2022 жылы облыстық көрсеткіш 2116,4 мың адам болып, 2022 жылы қалалық көрсеткіштің облыстық көрсеткішіне үлесі 4,7% құраған.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2022 жылы 5945 бірлікті құрап, 2021 жылмен (6318) салыстырғанда 373 бірлікке кеміген. *(Кентау қаласына қарасты 12 ауылдық округіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің Сауран ауданына өтуіне байланысты)* Онда жұмыспен қамтылғандары 2022 жылы 7,1 мың адамды құраған *(2022 жылдың 2 тоқсанның қорытындысымен)* Облыстық статистикалық көрсеткіш 2023 жылдың мамыр айында шығады.

Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 2022 жылы 20 бірлікті құраған. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен (20) салыстырғанда өзгеріссіз.

Орташа айлық жалақы 2022 жылы 204647 теңгені құраған немесе 2021 жылмен (174888) салыстырғанда 1,2%-ға артқан. 2022 жылы облыстық көрсеткіш 216710 теңге болып, 2022 жылы қалалық көрсеткіштің облыстық көрсеткіштен 12063 теңгеге төмен қалыптасқан.

«Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылы басқарма бойынша жалпы салық төлеушілер саны 4489 құраған. Атап айтқанда:

Заңды тұлғалар 668 *(оның ішінде, жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер саны 656 алты айдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 21, біржылдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 12, әрекетсіз салық төлеушілер саны 12).*

Жеке кәсіпкер 3821 *(оның ішінде, жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер саны 3771, алты айдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 41, біржылдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 50, әрекетсіз салық төлеушілер саны 50)* құраған.

Жеке табыс салығы бойынша 2021 жылы контингент бойынша жалпы 1459 821,0 мың теңге (қала бюджеті 632102,0 мың теңге) жоспарланып, нақты орындалуы 847 203,5 мың теңгені құраған.

Алайда, төмендегі салықтық сыныптама кодтары бойынша жоспар жалпы 228 102,8 мың теңгеге кем орындалған. Атап айтсақ:

104101- «Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» бойынша 311 446,0 мың теңге жоспарланып, нақты 88 413,5 мың теңгені құрап 223 032,5 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 28,4%.

104402 - «Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық» бойынша 121 013,0 мың теңге жоспарланып, нақты 115 942,7 мың теңгені құрап немесе 5070,3 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 95,8%.

2022 жылы басқарма бойынша жалпы салық төлеушілер саны 5020 құраған. Атап айтқанда:

Заңды тұлғалар 681 (оның ішінде, жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер саны 668 алты айдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 26, біржылдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 12, әрекетсіз салық төлеушілер саны 12).

Жеке кәсіпкер 4339 (оның ішінде, жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер саны 4289, алты айдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 41, біржылдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 50, әрекетсіз салық төлеушілер саны 50) құраған.

Жеке табыс салығы бойынша 2022 жылы контингент бойынша жалпы 1560772,0 мың теңге (қала бюджеті 884958,0 мың теңге) жоспарланып, нақты орындалуы 1028804,0 мың теңгені құраған.

Алайда, төмендегі салықтық сыныптама кодтары бойынша жоспар жалпы 16 255,8 мың теңгеге кем орындалған. Атап айтсақ:

103101 – «Әлеуметтік салық» контингент бойынша 1 387 394,0 мың теңге жоспарланып, нақты 1 379 566,0 мың теңгені құрап немесе 7828,0 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 99,4%.

105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша 46139,0 мың теңге жоспарланып, нақты 37711,2 мың теңгені құрап немесе 8427,8 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 81,7%.

2023 жылдың 9 айына жылы басқарма бойынша жалпы салық төлеушілер саны 6183 құраған. Атап айтқанда:

Заңды тұлғалар 706 (оның ішінде, жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер саны 688 алты айдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 11, біржылдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 7, әрекетсіз салық төлеушілер саны 7).

Жеке кәсіпкер 5477 (оның ішінде, жұмыс істеп тұрған салық төлеушілер саны 5475, алты айдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 116, біржылдан астам салық төлеуден қол үзгендер саны 2, әрекетсіз салық төлеушілер саны 2) құраған.

Жеке табыс салығы бойынша 2023 жылдың 9 айына контингент бойынша жалпы 1445178,0 мың теңге (қала бюджеті 776061,0 мың теңге) жоспарланып, нақты орындалуы 778941,9 мың теңгені құраған.

Алайда, төмендегі салықтық сыныптама кодтары бойынша жоспар жалпы 39 906,2 мың теңгеге кем орындалған. Атап айтсақ:

101205 – «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 48146,0 мың теңге

жоспарланып, нақты 31362,6 мың теңгені құрап, 16 783,4 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 65,1%.

104501 – «Бірыңғай жер салығы» бойынша 280,0 мың теңге жоспарланып, нақты 247,2 мың теңгені құрап, 32,8 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 88,3%.

105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша 31120,0 мың теңге жоспарланып, нақты 8030,0 мың теңгені құрап, 23090,0 мың теңгеге кем орындалған. Орындалуы 25,8%.

Салық – мемлекет дамуының маңызды бөлігі. Салық түсімдерінің есебінен еліміздің қазынасы толығып отырады.

Салық — бүгінгі күннің өте өзекті мәселесі. Еліміздің экономикасының өркендеп, халық тұрмысының жақсару негізінен салық үлкен роль атқарады.

Салық – елді өркендету үшін төленетін төлем. Салық – бұл мемлекеттік қаржының құрылуының қайнар көзі. Бір сөзбен айтқанда, салық жүйесі – мемлекеттің қаржылық қуатының басты тірегі негізгі кіріс көзі. Сол арқылы мемлекет өзінің көптеген саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін шешіп, азаматтарына жағдай жасап, тұрақтылығын қамтамасыз ететіндігін атап өтуге болады.

Қорыта айтқанда салық ел экономикасының өсуіне үлкен ықпал келтіреді.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:**

Мемлекеттік аудит объектілері барлық анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында барлығы бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар 3 869,2 мың теңге, оның ішінде жеке табыс салығына 1 685,8 мың теңге және әлеуметтік салыққа 2 183,4 мың теңге есептеліп, бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылды.

Сонымен қатар, Мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтар салық төлеушілердің тарапынан орын алғандықтан 39,0 мың теңге өсімпұл сомасы есептеліп бюджетке өндірілді.

#### **3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі салық саясатында басшылықты жүзеге асыратын Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында барлығы бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар 3 869,2 мың теңге, оның ішінде жеке табыс салығына 1 685,8 мың теңге және әлеуметтік салыққа

2 183,4 мың теңге есептеліп, бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылды.

Сонымен қатар, Мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтар салық төлеушілердің тарапынан орын алғандықтан 39,0 мың теңге өсімпұл сомасы есептеліп бюджетке өндірілді.

Анықталған бұзушылықтарды талдау барысында кірістер басқармасы тарапынан салық төлеушілердің 0-дік көрсеткішпен салық есептіліктерін тапсыруында басқарма тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мекемеде салық төлеушілермен түсіндіру жөніндегі жұмыстарды үнемі жалғастыру қажет.

### **3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:**

1. «Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижелері Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне және Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпарат жолдансын.

### **3. Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысына:**

1) 2024 жылғы 26 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту мәселесі қаралсын.

### **3.4 Қосымша:**

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 5 парақта.